



БҰЙРЫҚ

«14» 04 2025 ж.
Атырау қаласы

ПРИКАЗ

№ 49-11
город Атырау

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы

«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығының 2-тарауының талаптарын басшылыққа алып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі Жұмыс тобымен «Облыстық АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығы» ШЖҚ КМК құрылымдық бөлімшелерінің қызметінде ішкі талдау жұмыстары (бұдан әрі - Талдау) ұйымдастырылсын.

2. Талдаумен қамтылатын кезең 03.09.2024-21.04.2025 жыл аралығы болып белгіленсін.

3. Талдау жұмыстары 21.04.2025-20.05.2025 жыл аралығында өткізілсін.

4. Талдау нәтижелері талдамалық анықтама негізінде ресімделіп, ұсынылсын.

5. Жұмыс тобына кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерінен тиісті ақпаратты кедергісіз алу, сондай-ақ қажет болған жағдайда жұмыс тобына орталықтың өзге де мамандарын тарту құқығы берілсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өз құзыретіме қалдырамын.

Директор

А. Қудаманова



БҰЙРЫҚ

«14» 04 2025 ж.
Атырау қаласы

ПРИКАЗ

№ 48-к
город Атырау

Жұмыс тобын құру туралы

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ісқимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8 бабы 5 тармағын негізге ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Облыстық АИТВ- инфекциясының алдын алу орталығы» ШЖҚ КМК құрылымдық бөлімшелерінің қызметінде сыбайлас тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін төмендегі құрамда жұмыс тобы құрылсын:
 - 1) Акбанова Л.З.- директордың орынбасары, төрайым;
 - 2) Баянова М.М.- заңгер, комплеанс офицері;
 - 3) Сарсенгалиев Д.Е.- есепші, кәсіподақ төрағасы;
2. Жұмыс тобы:
 - 2.1. Ішкі талдау жұмыстарын уәкілетті органның үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізсін.
 - 2.2. Талдау нәтижелерін таңдамалық анықтама негізінде рәсімдеп, ұсынсын.
 - 2.3. Жұмыс тобына орталықтың құрылымдық бөлімшелеріне тиісті ақпаратты алу, сондай-ақ қажет болған жағдайда орталықтың өзге де мамандарын тарту құқығы берілсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын өзіме қалдырамын

Директор

А.Кудаманова

Заңгер:

М. Баянова

Бұйрықпен таныстырылсын: